





КӘСІПкерлік қызметті қаржыландыру



○ Жоспар:

- Капитал құрылымы және оның қалыптасуы
- Кәсіпорынның қаржылық ресурстары
- Қаржылық ресурстарды жоспарлау
- Кәсіпкерліктегі лизингтік операциялар



КАПИТАЛ — (лат. *capitalis* — бас) — кең мағынада — бұл табыс әкелетіннің барлығы, немесе адамдардың тауарлар немесе қызметтерді өндіруге жасаған ресурстары. Тар мағынада — бұл іске салынған, өндіріс құралдары түрінде істеп тұрған табыс көзі (физикалық К.). Көптеген циклдар барасында өндіріске қатысатын капиталдық қаражаттар бөлігін білдіретін негізгі К. мен бір цикл ішінде өндіріске қатысатын толығымен жұмсалатын айналымдағы К. ажыратады. Ақша К. деп соның көмегімен физикалық К. сатып алынатын ақша қаражаттарын түсінеді. «Капитал» термині «материалдық және ақша қаражатын экономикаға, өндіріске капиталды салу» мағынасында сондай-ақ капиталдық салымдар немесе инвестициялар деп те аталады. Капиталдың ең қарапайым түсінігі — активтер, немесе ақша әкелетіннің барлығы.

АКТИВТЕР — (от лат. *activus* — әрекет ететін) — кәсіпорын, фирма, компанияға тиесілі мүлік пен ақша қаражаттарының жиынтығы (иеленушілерінің қаражаттары салынған ғимараттар, имараттар, машиналар мен жабдық, материалдық қорлар, банк салымдары, бағалы қағаздар, патенттер, авторлық құқықтар, ақшалай бағалауға ие меншіктік). Сөздің кең мағынасында — ақшалай құнға ие кез келген құндылықтар. Активтерді материалдық (сезілетін) және нематериалдық еместерге (сезілмейтін) бөледі, соңғыларына зияткерлік өнім, патенттер, басқа кәсіпорындардың қарыздық міндеттемелері, ресурстарды пайдалануға ерекше құқықтар жатады.

АҚША — кез келген нарықтық шаруашылықтың ең маңызды ұғымдарының бірі, олар тауарлар мен қызметтерге ауыстырылып, қарыздарды төлеу үшін де пайдаланылады. А. — жалпыға бірдей балама, ерекше тауар, барлық басқа тауарлар құнының көріну формасы. А. айырбастау құралының, төлемдер, құнды өлшеу, байлық жинау, әлем ақшасының қызметтерін атқарады.

Бірнеше санатты бөліп шығаруға болады:

Өзіндік

- Қолма-қол ақша (валюталар)
- Қолма-қол емес ақша (шот, төлме жүйелері, электрондық ақша, депозит, чектер, купондар, вексель, web money , электрондық әмияндар)
- Бағалы қағаздар (акция, облигация)
- Металдар түріндегі құндылықтар (ақ алтын-платина, алтын, күміс) және тастар (жақұт, алмас, меруерт, лағыл тас)
- Антиквариат
- Мал

Қарыздық

- Кредит (коммерциялық, овердрафт, факторинг, авизо, аккредитив, аннуитет, тең үлестермен, және т.б.)
- Ипотека
- Несие
- Субсидия
- Лизинг
- Акционирлеу
- Грант
- Краудфандинг
- Ислам банкингі
- Венчурлік қаражаттандыру
- Франчайзинг

Капиталды қалыптастыруды бірнеше жолмен жасау мүмкін:

Активті табыс:

- Сауда, қызмететр, өндіріс, ауыл шаруашылығы саласында бизнесті дамыту арқылы кәсіпкерлік қызмет жүргізу
- Франшизаны пайдалану
- Делдалдылық
- Электрондық бизнес
- Активтерді басқару
- Желілік фандрейзинг

Пассивтік табыс

- Желілік маркетинг
- Жобалық табыс
- Инвестициялау
- Активтерді сатып алу
- Қор нарығы
- Жалға алу-беру
- Франчайзинг
- Аутсорсинг
- Лизинг
- Басқаруға беру

Кәсіпорынның қаржылық ресурстары

- Нарықтық экономика жағдайларында кез-келген кәсіпорын үшін өзінің шаруашылық-қаржылық қызметін қажетті қаражаттармен (қаржы ресурстарымен) қамтамасыз ету мәселесі маңызды басқару объектісі болып табылады.
- Қаржы ресурстары дегеніміз, жалпы алғанда, – бұл кәсіпорынның қарамағындағы және оның қаржылық міндеттемелерін орындауға, өндірісті қаржыландыруға бағытталатын ақша қаражаттарының жиынтығы болып табылады. Қаржы ресурстары өндіріс барысын дамытуға, өндірістік емес сала объектілерін қолдауға және дамытуға, сондай-ақ резервтік қорларды қалыптастыруға бағытталады.
- Кәсіпкерлік ұйымдарды қаржыландыру - бұл жай және ұлғаймалы ұдайы өндірісті қаржылық қамтамасыз ету шарттары мен қағидаларының, нысандары мен әдістерінің жиынтығы.
- Кәсіпорынның қаржы ресурстарын тартуының ішкі және сыртқы көздері болады. Ішкі қаржыландыру көздері дегеніміз – бұл кәсіпорын қызметі барысында қалыптасатын меншікті қаражаттардан қалыптасады. Бұлардың қатарына кәсіпкерліктен алынған табыс, амортизациялық аударымдар, кәсіпорынның активтерін сатудан немесе қажетсіз мүлікті, қосалқы бөлшектерді сатудан түскен қаражаттарды жатқызуға болады. Ішкі қаржыландыру көздерімен қатар кәсіпорындар сыртқы қаражат көздерін тартуға да мүмкіндіктері бар. Сыртқы қаржыландыру көздері дегеніміз өндіріске қажетті қаржы ресурстарының сыртқы инвесторлар мен кредиторлар салымдары есебінен қалыптасуын білдіреді. Сыртқы қаражат көздерін тартудың негізгі нысандары – құнды қағаздар эмиссиясы, банктік несиелер тарту, коммерциялық несиелер тарту, лизингтік және факторингтік операциялар, қайтарымсыз және демеушілік қаржылық көмектер алу және басқалар болып табылады.

Ішкі қаржыландыру көздерінің құрамында табыстың маңызы ерекше.

Табыс – меншікті капитал өсімінің бірден-бір көзі. Нарықтық қатынастар жағдайларында акционерлер мен қаржы менеджерлері, кәсіпорын қарамағында қалатын табыс мөлшеріне икемделе отырып, кәсіпорынның даму перспективаларына сәйкес дивидендтік және инвестициялық саясаттар бойынша шешімдер қабылдайды. Нарықтық экономикада табыс — өндірістік активтердің және өндірілетін өнімнің қозғаушы күші болып табылады. Қаржы ресурстарының сыртқы көздеріне тоқталатын болсақ, кәсіпорындар үшін қаражаттар тартудың алуан түрін таңдауға мүмкіндіктері бар. Сыртқы қаражат көздерінің құрылымында құнды қағаздар эмиссиясы кеңінен қолданылады. Құнды қағаздар эмиссиясының мақсаты – қажетті қаражаттарды барынша аз уақыт ішінде тарту болып табылады. Құнды қағаздардың бастапқы және қосымша эмиссиялары болады. Бастапқы эмиссия кәсіпорын құрылар кезде орын алады. Қосымша эмиссия қаржылық қиындықтарға душар болып, қосымша қаражаттарға мұқтаж болған жағдайда жүзеге асырылады. Кәсіпорындар өз қызметін қаржыландыру үшін құнды қағаздардың көптеген түрлерін шығара алады (облигациялар, акциялар, опциондар, фьючерстер, варранттар), алайда солардың ішіндегі ең кеңінен қолданылатыны – бұл акциялар мен облигациялар.

Акция – бұл оның иегеріне (акционерге) дивиденд түрінде кәсіпорын табысына және жойылар кезінде кәсіпорын мүлкіне құқық беретін құнды қағаз. Акциялар кәсіпорын құрылар кезде шығарылады, сондай-ақ меншікті капиталды ұлғайту туралы шешім қабылданған жағдайда қосымша акциялар шығарылуы мүмкін.

Облигация – бұл қарыздық құнды қағаз болып табылады. Қосымша қаражаттар қажет болған жағдайда кәсіпорындар облигациялар шығару арқылы белгілі бір мерзімге және пайыздық төлемдер төлеу негізінде несие беруші тұлғалардың қаражаттарын тарта алады.

Кәсіпорындардың ақша қаражаттарына мұқтаждығы банктік несиелер арқылы да қанағаттандырыла алады. Несиеге кәсіпкерлікті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етудің негізгі нысандарының бірі болып табылады. Банктік несие дегеніміз – бұл кәсіпорындарға белгілі бір мерзімге арнайы пайыздық мөлшерлемелер бойынша мақсатты қолдануға банктердің берген қаражаттары болып табылады. Әдетте несиені кепілдендіру нысаны оның құнын анықтайды – несиені кепілдендіруге берілген мүлік неғұрлым сенімді (өтімді) болса, соғұрлым несиенің құны да төмен болады, демек кәсіпорын несие бойынша төмендетілген пайыздық мөлшерлемелерге үміт арта алады.


Кәсіпорынның қаржы ресурстарының қалыптастырудың тағы да бір нысаны – коммерциялық несиелер тарту. Коммерциялық несиеге деп, жалпы алғанда, кәсіпорындардың бір-бірін өзара несиеге айтуға болады. Тауарды сатып алу барысында сатып алушы кәсіпорын өндіруші кәсіпорынмен есеп айырысу мерзімін белгілі бір уақытқа кейін қалдырады, өз кезегінде сатушы кәсіпорын көрсеткен қызметі үшін мәмілеге пайыздық үстеме ақы қосуға құқығы бар. Демек, коммерциялық несие – тауар нысанындағы несие болып табылады.

□ Қаржыландыру деп ақшалай қаражаттардың қалыптасу үрдісін немесе кең мағынада - капиталдың барлық түрлерінің қалыптасу үрдісін айтады. «Қаржыландыру» түсінігі «инвестициялау» түсінігімен тығыз байланысты

□ Қаржылық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану үрдісінде кәсіпорында нарықтың басқа субъектілерімен қаржылық қатынастар пайда болады. Дәл осы қатынастар кәсіпорын қаржысының мәнін құрайды.



Қаржылық ресурстарды жоспарлау



- *Қаржылық жоспар* - бұл ағымдық (бір жылға дейінгі) және ұзақ мерзімді (бір жылдан астам уақытқа) кезеңге ақшалай қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды сипаттайтын жоспардың қорытынды құжаты. Бұл жоспар болашақ ақшалай ағымдардың сапалы болжамына қол жеткізу үшін қажет.
- 

Кәсіпорынның наржылың жоспарының міндеті:

- орта мерзімді қаржылық перспективаны болжау үшін. Орта мерзімді қаржылық жоспарды әдетте, бір жылға жасайды және көрсеткіштер әр тоқсанға болу арқылы құрастырылады.



Жоспарлау қағидалары :

Жүйелік жоспарлау қағидасы.

Жеке бөлімшелердің жоспарларын
қадағалау қағидасы.

Қатысушылық қағидасы.

Үздіксіздік қағидасы.

Икемділік қағидасы.



Нақтылық қағидасы.

Коммерциялық несиені қолданудың бірқатар артықшылықтары бар: тауардың сатылуын жылдамдатады; айналым қаражаттарының айналымдылығын арттыруға септігін тигізеді; банктік несиелермен салыстырғанда қарыз алушы кәсіпорын үшін арзан қаражат көзі болып табылады; кәсіпорындарға бір-біріне қаржылық жәрдем көрсетуге септігін тигізеді. Көптеген шағын кәсіпорындар үшін коммерциялық несиелер қаржыландырудың бірден-бір көзі болып табылады.

Қазіргі таңда кең етек жайып келе жатқан қаржыландырудың тиімді көзі – лизингтік несиелер. Лизинг дегеніміз – бұл мүлікті сатып алумен және оны белгілі бір мерзімге ақылы негізде жалға берумен және лизинг алушы тұлғаның мүлікті толық өтеу мүмкіндігімен байланысты инвестициялық қызмет түрі болып табылады. Лизинг өндірістік құралдарға инвестициялар салуды ұзақ мерзімді қаржыландырудың тиімді нысаны болып табылады. Лизинг кәсіпорынға өзінің ақша айналымында өзге бір кәсіпорынның қаражаттарын ұзақ мерзім ішінде қолдануға мүмкіндік береді. Лизинг кәсіпорынды техникалық қайта құру әрекеттерінде ерекше роль атқарады.

КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ ЛИЗИНГТІК ОПЕРАЦИЯЛАР

- *Лизингтік қызмет* - бұл мүлікті алу мен оны лизинг-ке беру бойынша инвестициялық қызмет. Лизинг - лизинг келісімшартын жүзеге асыру үшін, оның ішінде лизингтік затты алу мақсатында экономикалық және құқықтық қатынастардың жиынтығы





Өткізу мерзіміне байланысты келесідей
лизинг түрлерін бөлін көрсетуге болады:



ұзақ мерзімді лизинг - үш жыл және одан
астам мерзімде жүзеге асырылатын лизинг;

орта мерзімді лизинг - 1,5-3 жыл
аралығында жүзеге асырылатын лизинг;

қысқа мерзімді лизинг - 1,5 жылдан аз уақыт
аралығында жүзеге асырылатын лизинг.

ЛИЗИНГТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

Лизингтік мәмілелердің бірнеше түрлері бар. Барлық лизингтік операциялар екі түрге бөлінеді: шұғыл және қаржылық лизингтер.

1. Шұғыл лизинг – бұл мүліктің қызмет ету мерзіміне қарағанда, оның пайдалану мерзімінің қысқалығын және мүліктің құнын толық өтемеуін сипаттайды.

2. Қаржы лизингі – бұл уақытша пайдалануға берген лизинг затының мерзімі ішінде өзінің толық амортизациялық құнын төлеп шығуымен немесе өзін-өзі өтеуімен байланысты сипатталады.

Осы лизингтердің отандық және халықаралық тәжірибеде қолданылатын мынадай түрлері бар:

Ішкі лизинг – бұл өзінің қатынасушыларының бір елден болып келуімен байланысты сипатталады.

Халықаралық лизинг – бір тарап немесе барлық тараптардың әр елден болып келуін сипаттайды.



Кәсіпкерлік қызметті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етудің тағы бір жолы – факторингтік операциялар болып табылады. Факторинг – тауарды сату және сатып алу барысында кәсіпорындар арасында пайда болған, алайда әлі өтелмеген дебиторлық қарызды талап ету құқығын факторингтік компанияға немесе банктің факторингтік бөлімшесіне ұсынумен байланысты қатынастар болып табылады. Факторингтік компания кәсіпорынды қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етіп, оның балансындағы дебиторлық қарызды өндіріп алу құқығын өз қолына алады. Сәйкесінше, факторингтік компания өз қызметі үшін кәсіпорыннан пайыздық төлемдер талап етеді.

Факторингтік операциялар есеп айырысуды жылдамдатуға, кәсіпорынның айналым қаражаттарын үнемдеуге, сондай-ақ ағымды активтердің айналымдылығын арттыруға септігін тигізеді. Факторингтік қызметтер, бірінші кезекте, дебиторлық қарыздың уақтылы өтелмеуіне байланысты қаржылық қиындықтарға жиі кездесетін шағын кәсіпорындар үшін өте қолайлы. Осылайша, факторингтің кәсіпорындар үшін бірқатар артықшылықтары бар.

Қаржы ресурстары кәсіпорынның өндірістік, инвестициялық және қаржылық қызметтері барысында қолданылады. Олар үнемі қозғалыста болады, сол себепті өзгеріп отырады.